

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**7М02301- ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ПРЕРЕКВИЗИТТЕР ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қостанай, 2019

НЕГІЗГІ БӨЛІМ (Пәндер мазмұны)

1 Жалпы тіл білімі

1.1 Жалпы тіл білімінің нысаны, зерттеу объектісі. Тіл білімі: ғылымдар жүйесіндегі дәстүрлі және жаңа байланыстар. Тіл білімінің мақсаты мен міндеттері. Тіл теориялық және қолданбалы тіл білімінің ғылыми нысаны ретінде. Қазіргі тіл білімі: дифференциация және интеграция үдерістері және олардың тіл туралы ғылым құрылымындағы көрінісі: лингвосомиотика, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивті лингвистика, интерлингвистика, контрастивті лингвистика, корпустық лингвистика, нейролингвистика, паралингвистика, компьютерлік лингвистика, инженерлік лингвистика, математикалық лингвистика, коммуникативтік лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс теориясы, корпустық лингвистика және т.б. Тіл туралы дәстүрлі ойлардың өзгеруі.

Әлем тілдерінің номенклатурасы: генетикалық, типологиялық және ареалдық бейнелері. Тілдер өміршеңдігі мәселесі. Тірі, жойылу үстіндегі және өлі тілдер. Тіл өміршеңдігінің объективті және субъективті көрсеткіштері. Тілдерді сақтап қалу және олардың өміршеңдігін күшейтудегі ЮНЕСКО қызметі. Қазақ тілінің өміршеңдігі және тілдік саясат. Тілдегі табиғилық vs. Жасандылық. Табиғи тілдердің жасанды аналогтары: халықаралық көмекші тілдер, бағдарламалау тілдері, ақпараттық тілдер, ғылымның шартты тілдері, өмірде жоқ халықтардың ойдан шығарылған тілдері. Жасанды халықаралық тілдері: априорлы, апостериорлы, аралас.

1.2 Тіл ерекше сипаттағы семиотикалық жүйе ретінде. Тіл жүйелі-құрылымдық жасалым ретінде. Тілдің деңгейлік стратификациясы. Парадигматика мен синтагматика. Функционалды лингвистика. Коммуникативті лингвистика: тілдік актілер теориясы - паралингвистика - мәтін лингвистикасы - дискурс теориясы. Тілдік күзіреттілік.

1.3 Жалпы фонетика мен фонология. Артикуляторлы, акустикалық және перцептивті фонетика. Акустикалық фонетика дыбыстық құрылымның физикалық ерекшеліктерін (жоғарылық, күш, ұзақтығы, тембр) зерттейтін пән ретінде. Сөйлеу технологияларын (сөйлеу анализі мен синтезі) құрастырудағы акустикалық фонетиканың жетістіктері. Артикуляторлы фонетика дыбыстық құрылым бірліктерінің жасалуын зерттейтін пән ретінде. Артикуляция үдерістері және артикуляциялық база. Сегментті және суперсегментті дыбыстық құралдар: құрал-жабдықтар мен қызметі.

Фонетикалық заңдар мен фонетикалық үдерістер. Перцептивті фонетика тыңдаушының дыбыстық сөйлеуді қабылдауын зерттейтін ғылым ретінде. Эксперименталды фонетика: әдістері мен тәсілдері. Фонология. Фонема. Фонологиялық теориялар. Халықаралық фонетикалық алфавит және транскрипция. Транслитерация. Фонология. Ғылым ретіндегі фонология тарихы. Фонема теориясы.

1.4 Жалпы морфология. Грамматикалық мағына және олардың әлем тілдерінде берілу жолдары. Морфема түсінігі. Морфемалар және тілдер классификациясы. Әлем тілдерінде грамматикалық мағынаның берілу жолдары. Грамматикалық категориялар және олардың түрлері. Сөзформалары, лексема, парадигма, грамматикалық санат. Әлем тілдеріндегі есімдердің негізгі грамматикалық категориялары. Әлем тілдеріндегі етістіктердің негізгі грамматикалық категориялары.

1.5 Жалпы синтаксис. Негізгі синтаксистік бірліктер. Дискурс. Терең және үстірт синтаксистің синтаксистік сипаттаманың деңгейлері ретінде. Негізгі синтаксистік бірліктер. Дискурс. Синтаксистік қатынастар және олардың түрлері. Әлем тілдеріндегі синтаксистік қатынастарды білдіру тәсілдері.

1.6 Жалпы семантика. Семантикалық теориялар. Мән мен мағына. Тілдік мәндердің типтері. Прагматика. Тілдік мәндер түрлері. Көпмағыналылық мәселесі: тілдік және сөйлеу көпмағыналылық, полисемия, омонимия және мағыналардың диффуздылығы. Семантизация. Сөйленістегі эксплицитті және имплицитті ақпарат.

1.7 Тіл және ми. Тіл онтогенез бен филогенезде. Тіл мидың қай бөлігінде орналасады? Солтүстік жартышардың үстемділігі немесе тілдің қызметтік асимметриясы. Тілдің пайда болуы мен ойлаудың пайда болуы. Тіл және жануарлардың туа біткен коммуникативтік жүйелері. *Homo loquens* пен тілдің көпшілігі. Биологиялық түр ретіндегі адамның тілдік қабілеті (language competence). Сөйлеу әрекеті (language performance). Сөйлеу тудырудың үлгілері. Негізгі туа біткен примитив-концептілер. Когнитивті лингвистика. Тіл инстинкт ретінде (С.Пинкер). Тілді меңгеру теориялары: тілдік қабілет пен тілдік дарын. Балалардың тілді меңгеруі.

Модуль 2. Тіл білімінің жаңа бағыттары

2.1 Тіл - Социум - Этнос. Әлеуметтік лингвистика: қайнар көздерінен тілді «әлеуметтік контекстте» зерттеуге дейін. Этнолингвистика. Саяси лингвистика. Гендерлік лингвистика. Юрислингвистика. Тілдік, этностық және әлеуметтік сәйкестілік. Тілдің өмір сүру формалары. Диглоссия. Тілді кодтау мәселелері. Тіл және билік. Тіл және идеология. Әлемдегі және Қазақстандағы тілдік жағдаят пен тілдік саясат. Тілдік жағдаяттар түрлері мен тілдік саясат. Тілдік жоспарлау. Тілдік заңнама. Тілдік қатынастар және олардың нәтижелері. Лингвафранка. Пиджиндер мен креол тілдер. «Тілдік одақтар». Тілдің ауысуы. Тіл жылжуы. Билингвизм және оның түрлері. Билингвизм мен диглоссия. Трансференция. Интерференция. Қазақстандағы қазақ және орыс тілдері: қызметі және дамуының мәселелері.

2.2 Лингвистикалық типология. Тілдің типі және тілдегі тип. «Тіл-эталон». Тілдер типтері: флективті - агглютинативті - оқшауланған - инкорпоративті; аналитикалық - синтетикалық; белсенді - номинативті - эргативті тілдер. Қазақ тілі агглютинативті типті тілдердің өкілі ретінде. Орыс тілі тілдердің флективті типінің өкілі ретінде. Тілдік ұқсастықтар мен тілдік

әмбебаптар. Әмбебаптар лингвистикасы барлық немесе көпшілік тілдерге тән ерекшеліктер мен қасиеттерді зерттейтін ғылым саласы ретінде.

2.3 Лингвистика әдіснамасы. Лингвистиканың метатілі және металингвистика. Тілдегі верификация, дәлелдеу және аргументация. Тілдізерттеу мен сипаттаудың әдіс-тәсілдері. Байқау, тәжірибе, сипаттау, модельдеу және т.б. эмпирикалық зерттеулердің жалпы ғылыми әдістері. Рефлексия мен интроспекция. Рефлексивті лингвистика.

2.4 Тілдің ішкі және сыртқы реконструкциясының әдіснамасы. Қатысымдық хронология мен глоттохронология, лингвистикалық география әдіснамасы. М. Сводештізімдері.

2.5 Салғастырмалы әдіс. Жасырын салғастыру және тілдік параллельдер. Тілдердің типологиялы сипаттамасы мен типологиялық классификациясы. Контент-талдау. Компоненттік талдау. Таксономиялық талдау. Дистрибутивті талдау, трансформациялық талдау, тікелей құрамдастар әдісі. Эталон тіл әдісі.

2.6 Нақты әдістер (математикалық логика, статистика, ықтималдылық теориясы, ақпарат теориясы) және қолданбалы тіл білімі. Тілдік үдерістерді модельдеу.

2.7 Тіл корпусы сәйкестендірілген, құрастырылған және белгіленген тілдік/сөйлеу мәліметтерінің электронды нұсқадағы жиынтығы ретінде. Корпустық лингвистика. Компьютерлік лингвистика. Тіл туралы ақпарат алудың жаңа тәсілдері мен тілді зерттеудің заманауи әдістері. Лингвистикалық сипаттаулардың ресімделуі. Лингвистикада қолданылатын аралас ғылымдар әдістері.

Емтихан сұрақтары

1. Жалпы тіл білімі – тіл ғылымдарының жалпы тілдік теориясы
2. Жалпы тіл білімінің нысаны, салалары
3. Қазіргі тіл білімі: дифференциация және интеграция үдерістері.
4. Әлем тілдерінің номенклатурасы: генетикалық, типологиялық және ареалдық бейнелері.
5. Тілдер өміршеңдігі мәселесі. Тірі, жойылу үстіндегі және өлі тілдер.
6. Қазақ тілінің өміршеңдігі және тілдік саясат.
7. Тілдегі табиғилық және жасандылық.
8. Тіл жүйелі- құрылымдық жасалым ретінде.
9. Тілдің деңгейлік стратификациясы.
10. Парадигматика мен синтагматика.
11. Функционалды лингвистика.
12. Коммуникативті лингвистика: тілдік актілер теориясы - паралингвистика - мәтін лингвистикасы - дискурс теориясы.
13. Жалпы фонетика мен фонология.
14. Артикуляторлы, акустикалық және перцептивті фонетика.
15. Фонетикалық заңдар мен фонетикалық үдерістер.
16. Перцептивті фонетика

17. Эксперименталды фонетика.
18. Фонология. Фонема. Фонологиялық теориялар.
19. Жалпы морфология. Грамматикалық мағына және олардың әлем тілдерінде берілу жолдары.
20. Грамматикалық категориялар және олардың түрлері.
21. Сөзформалары, лексема, парадигма, грамматикалық санат.
22. Жалпы синтаксис. Негізгі синтаксистік бірліктер. Дискурс.
23. Негізгі синтаксистік бірліктер.
24. Синтаксистік қатынастар және олардың түрлері. Әлем тілдеріндегі синтаксистік қатынастарды білдіру тәсілдері.
25. Жалпы семантика. Семантикалық теориялар. Мән мен мағына.
26. Тілдік мәндердің типтері. Прагматика.
27. Тіл және ми. Тіл онтогенез бен филогенезде.
28. Тілдің пайда болуы мен ойлаудың пайда болуы.
29. Сөйлеутудырудың үлгілері.
30. Тілді меңгеру теориялары: тілдік қабілет пен тілдік дарын.
31. Тіл - Социум - Этнос.
32. Этнолингвистика.
33. Саяси лингвистика.
34. Гендерлік лингвистика.
35. Юрислингвистика.
36. Диглоссия. Тілді кодтау мәселелері.
37. Әлемдегі және Қазақстандағы тілдік жағдаят пен тілдік саясат.
38. Билингвизм және оның түрлері. Билингвизм мен диглоссия.
39. Қазақстандағы қазақ және орыс тілдері: қызметі және дамуының мәселелері.
40. Лингвистикалық типология. Тілдер типтері: флективті - агглютинативті - оқшауланған - инкорпоративті; аналитикалық - синтетикалық; белсенді - номинативті - эргативті тілдер.
41. Әмбебаптар лингвистикасы барлық немесе көпшілік тілдерге тән ерекшеліктер мен қасиеттерді зерттейтін ғылым саласы ретінде.
42. Лингвистика әдіснамасы. Лингвистиканың метатілі және металингвистика.
43. Тілді зерттеу мен сипаттаудың әдіс-тәсілдері.
44. Рефлексия мен интроспекция. Рефлексивті лингвистика.
45. Тілдің ішкі және сыртқы реконструкциясының әдіснамасы.
46. Салғастырмалы әдіс. Жасырын салғастыру және тілдік параллельдер.
47. Нақты әдістер (математикалық логика, статистика, ықтималдылық теориясы, ақпарат теориясы) және қолданбалы тіл білімі.
48. Корпустық лингвистика.
49. Компьютерлік лингвистика.
50. Тіл туралы ақпарат алудың жаңа тәсілдері мен тілді зерттеудің заманауи әдістері.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Амирова Т. А., Ольховиков Б. А., Рождественский Ю. В. История языкознания. - М.: Академия. 2005.
2. Гируцкий А.А. Общее языкознание. - М.: ТетраСистемс. 2008.
3. Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию.-М.: Добросвет, 2002.
4. Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию. Изд. 2, испр. -М.: URSS: Либроком, 2009.
5. Мечковская Н.Б. Общее языкознание. Структурная и социальная типология языков. Изд. 2-е - М.: Флинта. Наука. 2003.
6. Сулейменова Э.Д. Казахстанская лингвистика на рубеже веков: docendo discimus. - Астана: Фолиант, 2013.
7. Course in General Linguistics, Ferdinand de Saussure; Charles Bally; Albert Sechehaye; Albert Riedlinger; Tullio De Mauro - La Salle, III: Open Court, 2006.
8. Chomsky N. Syntactic Structures /David W. Lightfoot (Preface). Hardcover, 2 nd, 2012.
9. Stump G., Finkel R.A. Morphological Typology from Word to Paradigm. - Cambridge University Press, 2013.

Қосымша:

1. Алефиренко Н.Ф. Современные проблемы науки о языке. - М.:Флинта, Наука. 2009.
2. Баранов А.Н. Введение в прикладную лингвистику. - М.: УРСС Эдиториал, 2001.
3. Ибраева Ж.К. Язык политики и политика языка. К обоснованию политической лингвистики. - Алматы: Тарихтағылымы, 2010.
4. Касевич В.Б. Труды по языкознанию. Т. 1. - СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2006.
5. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2010.
6. Левицкий Ю. А. Общее языкознание. - М.: Либроком, УРСС, 2009.
7. Маслов Ю.С. Избранные труды: Аспектология. Общее языкознание. - М.: Языки славянской культуры, 2004.
8. Моисеев М.В., Семкина Г.Г. Методы лингвистических исследований: учебно-методическое пособие -М.: Флинта, 2005.
9. Сулейменова Э.Д. Язык как ресурс мягкой силы и ресурсы мягкой силы языка. - Алматы: Қазақ университеті, 2016.
10. Шайкенова Л.М. Рефлексивная лингвистика. - Алматы: Қазақ университеті, 2009.
11. Широков О.С. Языковедение: введение в науку о языках. - М.: Добросвет, 2003.
12. Lyons J. Language and Linguistics - Cambridge University Press, 2012.
13. Jackendoff Ray S. Foundations of Language: Brain, Meaning, Grammar, Evolution. - Oxford University Press, USA. -2003.

14. Umberto E. Semiotics and the Philosophy of Language.- Indiana University Press, 2005.

Сөздіктер мен анықтамалықтар:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М.: Эдиториал УРСС, 2004.

2. Лингвистический энциклопедический словарь. Главный редактор В.Н. Ярцева.- М.: ООО Директ Медиа Пабблишинг, 2008.

3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Мадиева Г.Б., Авакова Р.А. и др. Тілбілімісөздігі. Словарь по языкознанию. Под общей ред. Э.Д. Сулейменовой. - Алматы: Ғылым. 1998.

4. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Аканова Д.Х., Смагулова Ж.С. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі / Словарь социолингвистических терминов - Под общей ред. Э.Д. Сулейменовой. - Алматы: Арман-ПВ, 2008.

2 Әдебиеттануға кіріспе

Модуль 1. Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым

1.1 Әдебиеттану ғылымы және оның салалары. Басқа ғылыми пәндер жүйесіндегі орны. Әдебиет сөз өнері болса, оны зерттейтін ғылым – әдебиеттану. Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу кезеңдері. Қазақ әдебиеттану ғылымы және оның бастаулары. Әдебиеттану ғылымының негізгі және жанама салалары туралы қазіргі жаңа топшылаулар. Әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны және олардың зерттеу объектілері. Текстология, библиография және историография. Әдебиеттану ғылымының гуманитарлық, қоғамдық ғылымдар, атап айтқанда, эстетика, қоғамтану, философия, психология, мәдениеттану, мәтінтану, герменевтика т.б. жүйесіндегі орны мен өзіне тән ерекшелігі.

1.2 Әдебиет пен эстетика. Сөз өнері жайлы ұғым. Өнер түрлеріне тән негізгі ерекшеліктер. Өнердің суреттеу пәні. Өнердің суреттеу амалдары. Өнердің суреттеу құралдары. Өнердің туындысын қабылдаудың сырлары. Сөз өнерінің қоғамдық сананың айрықша бір саласы ретіндегі қызметі.

Сөз өнерінің сыры мен сипаты. Сөз өнерінің образды бейнелеудегі өзгешелігі. Сөз өнерінің басқа өнер түрлерінен ерекшелігі. Сөз өнерін жасаушы суреткер шеберлігі туралы ғылыми тұжырымдар. Қаламгердің әлеуметтік тұлғасы. Әдебиеттің халықтығы туралы ұғым. Әдебиеттің ұлттық сипаты. Көркем шығарманың қоғамдық мәні. Таным тарапындағы қызметі. Тәрбиелік мәні. Сөз өнерінің эстетикалық сипаты.

1.3 Әдебиеттану ғылымының туу, даму және қалыптасу кезеңдері. Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу кезеңдері. Антикалық дәуірдің эстетикалық бағдары. Демокрит, Гераклит, Сократ, Платонның табиғат пен өмірге көзқарасы және өнердің танымдық қызметі туралы ойлары.

Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегінің мәні мен маңызы. Әсемдікті түсіну, бағалау жайлы өлшемдер. Орта ғасыр философиясының діни ұғым, наным-сеніммен байланысы. Өнердің танымдық негіздері жайындағы басқаша пікір. Символ туралы ілім. Әбу Насыр әл-Фарабидің “Риторика”, “Поэзия өнері туралы”, “Бақытқа жол сілтеу” этикалық, эстетикалық мәселелер жайындағы трактаттары. Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуіріндегі эстетика. Мәдениет пен ғылым дамуы. Николла Буалоның «Поэтикалық өнер» трактаты, Гораций Флакктің «Поэзия ғылымы», Лессингтің «Лаокоон» еңбектері. Классицизм және ағартушылық дәуір эстетикасы. Д.Дидро, Вильгелм, Фридрих, И.Кант, В.Гегельдің эстетиканы дамытудағы ролі. Ағартудағы демократиялық бағыт. Вольтер, Дидро, Руссо, Гельвеций, Юм, Смиттердің философиялық салондары. Өнердің барокко және классицизмнен рококо, сентиментализм, предромантизм стиліне ауысуы.

1.4 Қазақстандағы әдеби-эстетикалық ойдың даму тарихы. Батыс Еуропа әдебиетінің орыстың пәлсапалық, эстетикалық көзқарастарының қалыптасуына жасаған ықпалы. Орыс ойшылдарының өнерлі материалистік тұрғыда пайымдауының басты себептері. В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, Н.Добролюбовтың сөз өнері туралы толғамдары. XIX ғасырдағы орыс әдеби сынының дамуы. Л.Толстойдың шығармашылық процесс туралы пайымдаулары.

Қазақстандағы діни-ағартушылық көзқарас. XIX ғасырдағы қазақ оқығандарының әдеби-эстетикалық танымдарындағы орыс пәлсапасының ықпалы Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсариндердің шығармаларындағы эстетикалық тұжырымдар. А.Байтұрсынов және қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа сапаға көтерілуі.

Модуль 2. Әдебиет туралы ілімнің ең басты пәні – көркем шығарма

2.1 Көркем әдебиеттің образдылығы. Образ және образдылық. Шығарма әлемі – өмір шындығын көркем игеру. Өмір шындығы мен көркемдік шындық. Өнердің өмірді бейнелеу ерекшеліктері. Көркем образдылық ұғымы мен оның компоненттері. Образдылық – суретті, бейнелі сөз. Образды ойлаудың өзіндік ерекшеліктері. Көркемдік қиял мен көркем ойлаудың образ жасаудағы қызметі. Ойдан шығару – образға апарар жол. Ойдан шығарудың адам тұлғасын жинақтау мен даралаудағы ролі.

2.2 Көркем образ түрлері. Оның жасалу жолдары. Көркем образ – эстетикалық категория. Образ – адам – көркем бейне. Көркем образды әдеби тек, көркемдік әдіс және жасалу тәсілі тұрғысынан бірнеше түрге бөлудің ғылыми мәні. Эпикалық образ. Лирикалық образ. Драмалық образ.

Романтикалық, фантастикалық, реалистік, юморлық, сатиралық, трагедиялық, қаһармандық образдар. Көркем образға тән қасиеттер. жинақтау мен даралау. Тип және характер. Тип және прототип. Характердің жасалу жолдары. Мінездеу, портрет, психологизм, монолог, диалог, пейзаж т.б. Оларды жасаудағы қаламгердің ізденістері. Көркем шығармадағы көркемдік деталь қызметі.

2.3 Тақырып пен идея. Тақырып – өнер туындысының ірге тасы. Көркем шығарма тақырыбы туралы түсінік. Тақырыптың маңыздылығы, тақырыптың өзектілігі, тақырыптың ірілігі мен ұсақтығы. Тақырып пен идеяның бірлігі. Тақырыптың идеялық-көркемдік шешім табуы. Идея туралы пайымдаулар. Идеяның заманалылығы және маңыздылығы, идеяның күрделілігі. Оның алғы шарттары мен негізгі принциптері.

Көркем шығармадағы негізгі идея мен қосалқы идеялар. Авторлық идея мен объективті идея. Авторлық идея және шығармашылық фактор. Мәңгілік тақырыптар мен өміршең идея туралы қазіргі ғылыми тұжырымдар. Әдебиеттегі ұлттық тақырып пен ұлттық идея жайы.

2.4 Мазмұн мен пішін. Мазмұн мен пішіннің философиялық әрі тарихи категория екендігі. Көркем өнердегі мазмұн мен пішін туралы ғылыми пайымдаулар. Сөз өнеріндегі идеялық мазмұнның образдылық пішінмен ара қатынасы. Мазмұнның пішінге қарағанда тұрақтылығы, пішіннің өзгермелілігі. Мазмұнның сонылығы. Көркем шығармадағы мазмұн мен пішін бірлігі. Мазмұнның пішінге көшу процесі. Жаңа шындық – өнердегі жаңа мазмұн. Жаңа мазмұнның пішіндік жаңа ізденісті тудыруы. Мазмұн мен пішін үйлесімі. Әдеби туындының мазмұндық, пішіндік бөлшектері. Көркем шығармадағы мазмұн мен пішінге қатысты қазіргі ғылыми ой-тұжырымдар. Әдебиеттегі ұлттық мазмұн мен ұлттық пішін жайы және оның тұрақтылығы.

2.5 Сюжет пен композиция. Әдеби шығармадағы сюжет пен композицияның қызметі. Сюжет туралы әдеби-теориялық пікірлер, оның көркемдік қызметі. Сюжеттің қаламгер идеясын дамытудағы рөлі. Сюжеттің мінез қырларын ашудағы қызметі.

Сюжет, оның даму сатылары: экспозиция, шиеленісу, шарықтау шегі, шешімі. Аңдату (пролог), үстемелеу (эпилог), фабула, дәлел (мотивировка), мотив туралы түсінік. Сюжеттің оқиға, құбылыс, фабуладан айырмасы. Сюжет пен авторлық баяндаудың сабақтастығы. Сюжеттің өмірлік негіздері. Сюжет пен тартыс. Сюжеттің жаны – тартыс. Өмірлік тартыс – сюжет пен композицияны өрбітер қозғаушы күш.

Композиция туралы түсінік. Көркем шығармадағы композициялық тұтастық. Композицияның сюжетпен байланысы. Композицияның мазмұнмен

байланысы. Композицияның мотивпен байланысы. Сыртқы композиция бөліктері. Композиция мен сюжеттің бір-бірінен өзгешелігі. Көркем шығарма композициясына қатысты әр алуан ғылыми топшылаулар. Композиция және автор, кейіпкер көзқарастарының рөлі. Баяндау түрлері. Сюжет пен композицияның мазмұн мен пішінге қатысы. Сюжет пен композиция поэтикасы. Сюжет пен композиция және көркемдік мекеншақ.

2.6 Әдебиеттегі тек пен түр. Көркем әдебиеттегі әдеби жанр мәселесі. Әдеби тек, оның түрлері туралы ұғым. Әдебиеттің тектері: эпос, лирика, драма. Әдеби шығарманың түрлері: роман, повесть, әңгіме, поэма, баллада, сонет, трагедия, комедия т.б. туралы түсінік. Эпикалық шығарма, ондағы баяндау формалары. Лирика – көркем әдебиеттің негізгі жанрының бірі.

Драмалық шығарамалардың табиғаты. Әдебиеттану ғылымындағы әдеби сын жанрлары. Эссе, паробия, эпиграмма, памфлет, рецензия, шолу, шығармашылық портрет т.б.

Жанр мәселесі туралы ғылыми ой-пікірлер. Аристотель, Н.Буало, В.Гегель, В.Белинскийлердің әдеби жанр туралы толғамдары. Қазіргі әдебиеттанудағы жанр мәселесінін зерттелуі. Жанр жөніндегі болгар ғылымы Ц. Тодаровтың, академиктер В.В. Виноградов («Сюжет и стиль») пен З. Қабдоловтің («Сөз өнері») еңбектері.

Модуль 3. Көркем өнердің өмір шындығын бейнелеу тәсілдері

3.1 Құбылту (троп) пен айшықтаудың (фигура) түрлері, көркемдік қызметі. Көркемділік. Көркем әдебиеттің образдық табиғаты, дүние құбылыстарын бейнелеу арқылы көрсету. Бейнелеу құралдары (құбылту): метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет т.т.

Көркем шығарма тілін құбылтудың жолдары. Метафора, синекдоха, метонимия, кейіптеу, астарлау, ирония, гипербола, литота т.б. Құбылтудың сөз мәнін өзгерту, суреттелетін құбылысты айқындау, бейнеленетін объектінің мазмұнын тереңдету ерекшеліктері.

Әдеби тілдің әсемдігі мен әсерлілігін күшейтетін айшықтаудың (фигураның) түрлері: арнау және оның түрлері, шендестіру, дамыту, түйдектеу, инверсия, эллипсис, егіздеу т.б. Айшықтау тәсіліндегі синтаксистік қалыптың өзгеру себептері.

3.2 Өлең құрылымы мен өлшемдері. Өлең туралы ғылыми пайымдаулар. Аристотельдің “Поэтика” еңбегіндегі өлең сөз туралы тұжырымдар. Әл-Фарабидің “Поэзия өнерінің конондары” трактатындағы поэзия тіліне қатысты пайымдаулар. Абай Құнанбаев және Шоқан Уәлихановтың қазақ өлең жүйесіне қатысты ой-пікірлері. Өлең жүйелері.

Метрикалық өлең жүйесіндегі әуеннің қызметі. Тоникалық өлең жүйесіндегі екпіннің қызметі. Силлабикалық өлең жүйесінің буынға негізделуі. Силлабо-тоникалық өлең жүйесі.

Өлең құрылымының өзіндік ерекшеліктері. Өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесі. Шумақтардың құрылымдық сипаты. Шумақтың белгілі бір аяқталған ойға құрылатындығы. Тармақ және оның белгілі бір өлшемге негізделуі. А.Байтұрсыновтық бунақ туралы тұжырымдары. Буын және оның түлері. Қазақ өлеңіндегі буын сандарының сәйкесу заңдылықтары. Өлең ұйқасы оның түрлері. Ұйқастың көркемдік қызметі туралы қазіргі ғылыми пайымдаулар.

3.3 Көркемдік әдіс. Әдеби ағымдар мен бағыттар. Көркемдік әдіс туралы ұғым. Көркемдік әдістің ақиқат өмірді көркем бейнелеу сипаты. Көркемдік әдіс және жазушы дүниетанымы. Әдеби ағымдар, бағыттар және олардың пайда болу жолдары. Көркемдік әдіс пен әдеби ағым, бағыттардың өзара ықпалы. Әдеби мектеп. Әдеби ағым мен әдеби мектептің жазушы қолтанбасын қалыптастырудағы рөлі. Олардағы көркемдік-идеялық бағыттастық. Көркемдік әдістің әр дәуірде әртүрлі сипат алуы. Көркемдік әдіс пен әдеби бағыт түрлері. Символтизм, классицизм, сентиментализм, натурализм, романтизм, реализм, модернизм т.б. көркемдік әдістер мен әдеби ағымдардың қаламгер стиліне ықпалы. Реализмнің даму жолдары және түрлері. Кеңестік дәуірдегі социалистік реализм туралы қазіргі ой-пікірлер.

3.4 Қаламгер және стиль. Стиль туралы әдебиеттанудағы түсінік. Стиль - суреткердің дара шеберлігі, қолтанбасы. Стильдің көркемдік әдіспен сабақтастығы. Жазушы және стиль. Қаламгердің стильдік ерекшелігі. Стиль құраушы құбылыстар және олар туралы пікірлер. Жазушы стилінің қалыптасу сатылары. Қаламгердің даралық стилін айқындаудағы ойлау типі мен дүниетаным, өмірлік тәжірибе мен өмірбаянның алатын орны. Дәуір және стиль. Қаламгер стилінің халық өмірі, ұлт мәселесімен сабақтастығы. Стильдің көркем шығарма поэтикасымен байланысы. Стильді айқындайтын көркемдік жүйе мен поэтикалық көркемдік компоненттер тұтастығы. Стильдің көркем тіл, баяндау мәнері, суреттеу сарыны, сюжет, композиция құру өзгешеліктерін көрсететін өзіндік сипаттары.

3.5 Көркем әдебиеттің даму заңдылықтары. Әдеби процесс. Әдеби процесс терминінің мәні. Әдеби процесс – көркемдік дүниенің қозғалысы мен дамуын зерттейтін методологиялық әдіс. Дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы. Қазіргі қазақ әдебиетінің идеологияға ықпалы, көркемдік ой-пікірдің дамуына қосқан үлесі. Ұлттық әдебиетіміздің тарихын жаңаша пайымдау. Тәуелсіздік дәуірі жаңғыртқан тақырып – ұлттық тақырып. Ұлттық

тақырып аясының кеңеюі. Қазақ романы тарихындағы үлкен бетбұрыс. Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық поэзия. Қазіргі әдеби процестегі көркем аударма мәселесі.

Емтихан сұрақтары

1. Әдебиет –сөз өнері
2. Әдебиет ғылымының қалыптасуы, дамуы
3. Әдебиеттануға үлес қосқан ғалымдар зерттеулері
4. Әдебиеттің негізі –тіл
5. Өнер түрлері
6. Әдебиеттің эстетикалық мәні
7. Автор-көркем бейне
8. Образ және образдылық
9. Типтілік және жинақтау мәселесі
10. Образдың түрлері
11. Әдеби тип
12. Прототип
13. Реалистік және романтикалық образ
14. Эпикалық, лирикалық, драмалық образдар
15. Геройлық, фантастикалық, сатирикалық, трагедиялық, комедиялық т.б. образдар
16. Мазмұн мен пішін
17. Идеяның түрлері
18. Тақырып пен идея
19. Сюжет құрамы
20. Қоғамдық идеал туралы түсінік
21. Кейіпкер сөзі. Монолог, диалог
22. Сюжет пен фабула
23. Композиция туралы түсінік
24. Сюжет пен композицияның байланысы
25. Дәстүр мен жаңашылдық
26. Көркем сөздің мән-мағынасы
27. Көркем сөздің шығармада атқаратын рөлі
28. Айшықтау, оның түрлері
29. Құбылту, оның түрлері
30. Дыбыс қайталаулар
31. Теңеу мен эпитет, олардың ерекшелері
32. Тек пен түр
33. Лирикалық шығарманың идеялық-тақырыптық негізі
34. Трагедиядағы оқиға, комедиядағы күлкі, драмадағы тартыс
35. Поэма туралы түсінік
36. Лиро-эпостық жыр туралы түсінік
37. Лирикалық жанр, оның түрлері
38. Эпикалық жанр, оның түрлері

39. Драмалық жанр, оның түрлері
40. Әңгіме, повесть, роман туралы түсінік
41. Әдеби ағым туралы түсінік
42. Әдеби әдіс туралы түсінік
43. Әдеби ағым түрлері, олардың қоғамдық жағдайлардан туған түрліше сипаттары
44. Романтизм, реализм әдістері
45. Стиль мен бағыт
46. Стиль туралы түсінік, оның түрлері
47. Поэзия туралы түсінік
48. Проза туралы түсінік
49. Өлең жүйелері туралы түсінік
50. Өлең өлшемдері
51. Ұйқас туралы түсінік
52. Ұйқас түрлері
53. Қазақ өлеңінің өлшемдері
54. Синоним , омоним, антоним, тұрақты сөз тіркестері, идиома
55. Көркем әлем және болмыстық
56. А.Байтұрсыновтың өнер туралы зерттеулері
57. А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға байланысты терминдері
58. Аристотель, Әл-Фараби, Белинский, Чернышевский т.б.ғалымдар еңбектері
59. Нақты тарихи, мәңгі тақырыптар туралы түсінік
60. Автор, көркем шығармадағы автордың сөзі, көзқарасы.
61. Әдебиеттің тәрбиелік мәні
62. Әдебиеттің халықтылығы
63. Әдеби стиль теориясы
64. Виноградов, Пospelов, Тимофеев, Жұмалиев, Қабдолов т.б. ғалымдардың стиль туралы ой-пікірлері
65. Әдебиеттанудың мақсаты мен мазмұны, оның негізгі салалары: әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны
66. Сюжет пен композиция
67. Мінез туралы түсінік
68. Мінездің түрлері

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы.- Қарағанды: «Арқо», 2004
2. Введение в литературоведение: Учебное пособие/ Л.В. Чернец, В.Е. Хализев, А.Я. Эсалнек и др.; Под ред. Л.В. Чернец. – 2-е изд. Перераб. И доп. – М.: Высш. Шк., 2006.

3. Вершинина Н.Л. и др. Введение в литературоведение. – М.: Оникс. – 2005.

4. Джуанышбеков Н. Введение в литературоведение: учебник. – Алматы, 2007. – 344 с.

5. Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Қосымша:

6. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 2010.

7. Джуанышбеков Н., Темирболат А. Теория литературы. Учебное пособие. – Алматы, 2009.–284 с.

8. Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: «Санат», 2002

9. Исмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы, 2009. – 560 б.

10. Қалқабаева С. Ә. Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. – Алматы, 2004. – 168 б.

11. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. I-II томдар. – Алматы, 2008. – 646 б.

12. Мамбетов Ж. Әдебиеттің эстетикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

13. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясы. -Алматы, 2010.

14. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. -Астана, 2003ж.

15. Хализев В.Е. Теория литературы. -М., 2005.